

[3, 4, 5, 6]. В психолого-педагогической литературе указываются следующие его этапы: а) диагноз проблемы; б) формулировка ограничений и критериев для принятия решений; в) выявление альтернатив, их оценки; г) окончательный выбор принятия решений; д) сообщение о решении учителю; е) установление обратной связи, оценки результатов.

Резюмируя изложенное, мы в своем исследовании рассматриваем партисипативный подход как одно из условий эффективности учебно-воспитательного процесса, построенного на понимании учащихся как свободной, целостной, творческой личности, способной по мере повышения своего уровня к профессиональному взаимодействию с учителями других медийных субъектов, самостоятельному выбору ценностей и самоопределению в окружающем мире, к принятию решений на основе соучастия и организации кооперативной совместной деятельности с учителем, а также межличностной коммуникации, что в дальнейшем будет способствовать успешному интегрированию в мировое сообщество и современное медийное пространство.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Никитина Е.Ю. Теория и практика подготовки будущего учителя к управлению дифференциацией образования / Е.Ю. Никитина. – Челябинск: Изд-во ЧГПУ, 2000. – 285 с.
- 2 Никитина Е.Ю. Педагогическое управление коммуникативным образованием студентов вузов: перспективные подходы [Текст]: монография / Е.Ю. Никитина, О.Ю. Афанасьева. – М.: МАНПО, 2006. – 154 с.
- 3 Виленский М.Я. Технологии профессионально-ориентированного обучения в высшей школе. / М.Я. Виленский, П.И. Образцов, А.И. Уман: учебное пособие / под ред. В.А. Сластенина. – М.: Педагогическое общество России, 2004. – 192с.
- 4 Жук А.И. Активные методы обучения в системе повышения квалификации педагогов: учеб.-метод. пособие. – 2-е изд. / А.И. Жук, Н.Н. Кошель. – Мн.: Аверсэв, 2004. – 336 с.
- 5 Рац М.В. Политика развития: Первые шаги в России. / М.В. Рац – М.: Касталь, 1995. – 192 с.
- 6 Никитина Е.Ю. Теоретико-методологические подходы к проблеме подготовки будущего учителя в области управления дифференциацией образования / Е.Ю. Никитина. – Челябинск: ЧГПУ, 2000. – 101 с.

МЕДИАЦИЯНЫҢ ӘЛЕМДЕГІ РОЛІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНҒА ЕНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байжанов Н.

Ғылыми жетекшісі – Рағатова М.О.

***Аннотация.** Данная статья освещает понятие «медиация», историю ее возникновения и роль. Представлены принципы и правовые основы, области применения и нынешнее правовое положение данной процедуры. Также описаны основные проблемы внедрения института медиации в правовое пространство Республики Казахстан.*

***Abstract.** This article narrates about the concept of “mediation”, her history and role in the world. Principles and legal frameworks, application domains and present legal position of this procedure are presented. The basic problems of introduction of institute of mediation are also described in legal space of Republic of Kazakhstan.*

Медиация – құқық саласындағы дауларды шешудің альтернативалық технологиясы. “Медиатор” бұл қарастырылып жатқан дауға қатысы жоқ қай тараптың болса да мүддесін көздемейтін, ортақ шешімге және өзара ымыраға келуге делдал болатын тұлға.

Медиацияның пайда болуы мен тарихына тоқталу үшін біздің заманымызға дейінгі болған өркениеттердің тарихына көз жүгірткен жөн. Мәселен, кейбір жылнамаларда Финикиялық пен Вавилон мемлекеттерінің сауда жанжалдарының мәселелерін делдалдардың көмегімен шешкендері тарихтан мәлім. Ал Ежелгі Грециядағы «римдік құқық» және орта ғасырдың бас кезіндегі «Юстиниан кодексінде» делдалдардың болғанын айқындайтын нақты

дәлелдемелер бар. Сол кездегі кейбір дәстүрлі мәдениеттерде «делдалдарды» сыйлап, оларға тайпаның абыз дәрежесіндегі құрмет көрсеткен [1].

Қазіргі формациядағы «медиация» жайындағы түсінік XX ғасырдың II жартысында алдымен англо-саксондық құқық жүйесі елдеріне АҚШ, Австралия мен Ұлыбританияда, кейін басқа Батыс Еуропа елдерінде қалыптаса бастады. Медиация практикасы алғаш рет отбасылық қатынастарды шешуде өз қолданысын тапқан болатын. Бертін келе бұл процедураның қолданылуы күрделі коммерциялық және қоғамдық салалардағы мәселелерде өз жалғасын тапты. Медиация делдалдықтың және дауларды альтернативалық шешудің, реттеудің барлық түрлерін қамтитын құрал ретінде айқындалған.

Медиацияның негізгі мақсаты шешімге екі тарап та қанағат болатындай ымыраға келтіріп, шиеленісті бодырмау болып табылады.

Медиацияның қызметі еріктілік, құпиялық, өзара құрметтеу (сыйластық), тараптардың тең құқықтылығы, медиатордың бейтараптылығы, процедураның жариялылығы принциптеріне негізделіп, жүзеге асады [2].

Медиацияның басқа делдалдықтардан басты айырмашылығы дау болып жатқан салаға медиаторлардың қатысы жоқ тұлға болуында.

Қазіргі қолданыстағы медиацияның 3 түрі көрсетілген: бағалаушы, бағыттаушы және негіздемелі. Бағалаушы стиль – бұл тараптардың сотқа жүгінген кездегі дәйектеріне баға береді, ал қалған екі стильдің мұндай функциясы көзделмеген.

Медиацияның әлемдегі сипаты әр түрлі. Мақаланың басында атап өткеніміздей, алғаш рет бұл процедура англо-саксондық құқық үлгісіндегі мемлекеттерде бастау алған болатын. 1970 жылы АҚШ-тың ірі қалаларында тәжірибе негізінде енгізілді. Нәтижесінде медиация қазіргі уақытқа дейін мәселелерді шешудің АҚШ-тағы негізгі құралдардың біріне айналды. Яғни бұл процедура мұхиттың ар жағында өз қолданысын тапты.

Азия мемлекеттерінде бұл процедураның қолдау таппауының негізгі себебі ретінде сол елдердің басым көпшілігі мәселелерді шешудегі консерватизмді ұстанғандығын атап көрсетуге болады.

Сонымен қатар, медиацияның қолдануы, я қолданбауы мемлекеттің ішкі саясаты мен қоғам санасына тәуелді болып отыр. Бұл фактор медиацияның дамуының тежеуші себептерінің біріне айналуға. Мысалы, ТМД мемлекеттерінің өзгерістерге сенімсіздікпен қарауы, дәстүршілдік, құқықтық жүйелерінің әмбебапсыздығы т.б.

«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақалада мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «2011 жылы даулар мен жанжалдарды соттан тыс қарауды қамтамасыз ететін «Медиация туралы» Заң қабылданды. Алайда оның резервтерін еңбек жанжалдарын сейілту үшін қолдануға болатындығына қарамастан, медиацияның жалпыұлттық жүйесін құру жөніндегі нақты шаралар әзірге байқалмайды» дей отырып, медиация институтын Қазақстан Республикасында дамыту жайында Үкіметке тапсырыс берді. 2012 жылдың соңына дейін оның құқықтық негізі әзірленуі тиіс. Әсіресе бұл процедураның қолданылуы күрделі еңбек қатынастарына бағытталуы тиіс екендігі көрсете отырып, «медиация жүйесін ұлттық және ірі компаниялардың ішінде құру керек. Әлеуметтік және еңбек салаларындағы дауларды соттан тыс шешу мен реттеу жағдайларын енгізу үшін ол мемлекет тарапынан бастау алуы тиіс»-деп мемлекет басшысы қорытындылады [3].

Біздің елімізге медиацияның келуі 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданған «Медиация туралы» заңымен бастау алады. Бірақ, оған дейін де медиацияны қолдану жағдайлары кездеседі. 2007 жылдың 31 қазанында Астанада Құқықтық саясат кеңесінің отырысы өтті. Онда азаматтық сот өндірісіндегі мәселелерді бітістіру процедуралары институттарын енгізу мен сол туралы тиісті заңды қабылдау керек деген шешім қабылданды. Жалпы мәселелерді арбитраждық (медиациялық) жолмен шешу – ол азаматтардың құқықтарын жүзеге асырудың бір түрі болып отыр.

Сот билігімен салыстыра отырып, саяси шешімдер институты жасаған зерттеуге сай қазіргі Қазақстандағы медиацияның мүмкіндіктері мен кемшіліктері көрсетілген. Медиацияға тән ерекшеліктер:

- 1) медиация процессті жүргізуде еріктілікті көздейді;
- 2) медиаторды таңдау еріктілігі;
- 3) шешім заңға сәйкес, бірақ тараптардың мүдделері есепке алынады;
- 4) медиацияда басқару өкілеттігі жоқ;
- 5) үдемелі және бейформальды (30 күнтізбелік күннен аспайтын);
- 6) жариясыздығы;
- 7) тараптардың ынтымақтастығы;
- 8) медиацияны дер кезінде тоқтатуға болады;
- 9) мүдделердің есепке алынуы, қазіргі және болашақ жағдайы;
- 10) тараптарға сүйенуі;
- 11) тараптардың ерікті келісімде белгілеген тәртібі мен уақытына сәйкес келуі;
- 12) өзара қолайлы, ортақ ымыраға келу (жеңіс немесе жеңіс);
- 13) медиатор қызметін жүзеге асыру кәсіби деңгеймен қатар, сертификатты иелене отырып қызмет атқаруға болады.

Сот билігінің медиациямен салыстырғандағы ерекшеліктері:

- 1) процесс тараптың біреуінің еркінен тыс басталу мүмкіндігі;
- 2) судья тағайындалады;
- 3) шешім қатаң түрде заңға сәйкес қабылданады;
- 4) соттың басқару өкілеттігі бар;
- 5) формальды және созылмалы процедура (жылдар, айлар бойы);
- 6) процесстің жариялылығы;
- 7) тараптардың жарысуы;
- 8) процесс міндетті, мәжбүрлі сипатқа ие;
- 9) адвокаттарға (заңгерлерге) сүйенеді;
- 10) шешімді орындаудың міндеттілігі;
- 11) шағыммен тараптардың біреуі ғана қанағат болады (жеңіс немесе жеңіліс);
- 12) заң білімі, соттық мекемелерде қызмет атқарудың белгілі бір мерзімі, квалификациялық емтихандардан өту міндетті талап болып табылады.

Жоғарыда келтірілген мәселеге сәйкес, медиацияның негізгі ерекшелігі – адами фактор болып отыр. Ол процесс барысында нақты айқындалады. Қорытынды шешім тараптардың келісімінің есепке алынуымен қатар, медиатордың кәсіби біліктілігі жоғары деңгейде болуын талап етеді. Дау 3 позициядан қарастырылуы тиіс: заңды (заңға сәйкес), экономикалық (өзара пайда) және жеке (психологиялық және эмоционалды қанағаттану).

Медиацияның Қазақстан Республикасының құқық жүйесіне енуі -қылмыстық саясатты гуманизациялаумен тікелей байланысты. Құқықтанушылардың айтуы бойынша, Қазақстандағы медиацияның дамуына орта ғасырдағы «билер мен қазылар соты» жүйесі үлгі бола алады. Яғни, медиацияның алға басуына тарихи элементтер алғышарт болады.

ҚР Жоғарғы Сот өкілдерінің айтуынша, ел азаматтарының көпшілігінде ескі стереотиптердің болуы, медиация институтының бір деңгейде тұрып қалуына себеп болып отыр. Сондықтан, ол бірден етек жаяды деген ой қате болар. Қарапайым халыққа медиация институтын түсіндіру шаралары жүйелі түрде жүргізілген жағдайда ғана, жаппай пайдалану туралы сөз қозғауға болады деген ойдамыз. Бұл жайында ҚР Парламент Сенатының депутаты Серік Ақылбай «Бұл үлкен қадам. Сондықтан ол өз жалғасын табу үшін қоғам санасына медиация жайында түсінікті қалыптастыру біздің негізгі мақсаттарымыздың бірі. Ол үшін мемлекеттік органдар бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесе отырып медиацияны жарнамалау, түсіндіру, бағдарлама-шоу ретінде процесстерді ұйымдастыру т.б. сипаттағы іс-шараларды қолданғанда ғана медиация процедурасын прогреске алып келетін бірден-бір себеп болуы мүмкін” деп атап көрсеткен болатын [4].

Медиатор функциясын атқару үшін құқықтанушы немесе заңгер болу міндетті емес. Тек медиаторлық курстарды өтіп, тиісті лицензияға иеленсе жеткілікті болып табылады.

ҚР «Медиация туралы» заңының 2-бабы 5-тармағына сәйкес, медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі болып табылады [5].

Сонымен, ойымызды қорытындыласақ, медиация институтын Қазақстанда енгізу тиімділігі келесі жағдайлардан көрініс табады. Біріншіден, қаржылық шығындардың минимумы, екіншіден, уақыт үнемділігі және сот мекемелерінің жұмысындағы жеңілдік.

Тоқ етерін айтқанда, бұл процедура Республикамызда құқық жүйесіндегі мәселелерді реттеуде әзірге өз орнын табар емес. Бұл уақыт еншісіндегі мәселе. Біздің ойымызша, медиация институтының біздің қоғамда етек жаюы үшін Қазақстан азаматтарының санасына медиация жайында дұрыс түсінік қалыптастыру қажет. Ол үшін мемлекет тарапынан осы салада шығарылған негізгі нормативтік құқықтық актілерді халыққа түсіндіріп, жеткізу керек деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 История медиации. http://mosmediator.narod.ru/istoriya_mediatsii/
- 2 <http://ru.wikipedia.org/wiki>
- 3 «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалы мақала. Ену тәртібі: <http://personal.akorda.kz/kz/category/statyi/1352>
- 4 Международная конференция «Внедрение института медиации в Казахстане» Пресс-служба Верховного Суда. <http://supcourt.kz/rus/news/30.11.12-6.html>
- 5 Медиация туралы №401-IV 28 қаңтар 2011 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы. Ену тәртібі: http://www.tatulas.kz/kz/zakon_mediac.php

PECULIARITIES AND DIFFICULTIES OF SCREEN ADVERTISING TRANSLATION

Балмухамбетова А.Ж.

Научный руководитель – Кудрицкая М.И

Аннотация. В данной статье подробно рассматриваются теоретические аспекты и особенности перевода телевизионных реклам с английского языка на русский, а также проблемы, непосредственно связанные с особенностями перевода телевизионных реклам, с которыми может столкнуться переводчик при их переводе. В качестве особенностей перевода реклам рассмотрены технические особенности перевода, трансформации рекламного текста, а также передача контекста. К каждому типу приведены примеры популярных реклам, которые мы так часто видим на экранах.

Аңдатпа. Бұл мақалада теледидардан берілетін жарнамаларының ағылшын тілінен орыс тіліне аударылуының теоретикалық аспектілері мен ерекшеліктері тереңдетіліп қарастырылады. Сонымен қатар, аудармашының теледидардан берілетін жарнамаларды аударудағы ерекшеліктеріне байланысты мәселелер қарастырылады. Жарнамаларды аударудағы ерекшеліктер ретінде: аударымның техникалық ерекшеліктері, жарнамалық мәтіннің трансформациясы және контексттің берілуі алынады. Әрбіреуінің типіне қарай біз теледидарда жиі көретін жарнамалар үлгі ретінде берілген.

Advertisements have become an inseparable part of consumers' lives, advertising influences society to behave in a certain way. It has become increasingly international. More than ever before, corporations are looking beyond their own country's borders for new customers. Faster modes of shipping, the growth of multinational corporations, rising personal income levels worldwide, and falling trade barriers have all encouraged commerce between countries. That is why the advertising translation has become required. The translation of screen advertising is distinctive. In the process of screen advertising translation, the translator has to decide the language, linguistic problems, associated with differences in semantic structure and peculiarities of two languages using in the communication process, as well as the problems sociological adaptation of the text.